

Балалар медбикесі

Медицинада науқастың денсаулығына дәрігерден кем жауап бермейтін орта буын қызметкері – медбике. Ол денсаулық сақтау жүйесіндегі ең маңызды буын болып табылады. Өйткені емдеуші дәрігер емінің дұрыс нәтиже беруі – медбикенің көрсетілген ем-домды сауатты да қалтқысыз орындауында ғана емес, жаны қиналып жатқан науқаспен күндіз-түні бірге болып, жиі қарым-қатынас жасап, олардың көңіл-күйіне әсер ететін жанкешті еңбегіне де тікелей байланысты.

 **Ж.ЖАПАРОВА**



Осындай мерейлі мамандықтың жүгін арқалап жүрген медбикелердің бірі – Кенжеш Қалиева.

Кенжеш Исақанқызы Лениногорск медицина училищесін 1981 жылы медбике мамандығы бойынша бітірген. 1995 жылдан бері Екібастұз қаласының №2 емханасында учаскелік балалар медбикесі болып қызмет етуде.

Кенжеш Қалиеваның бір учаскеде тапжылмай еңбек етіп келе жатқанына да 10 жыл уақыт болыпты. Осы жылдар ішінде ол емделушілердің құрметіне бөленіп, жақын адамына айналды. Әріптестері соңғы үш жыл ішінде Кенжеш Исақанқызы қызмет көрсететін

учаскедегі тұрғындардың денсаулық көрсеткіштері жақсарғанын айтады.

Қызметін қалтқысыз атқарып келе жатқан Кенжеш Исақанқызы ұжымында да зор беделге ие. Ол емханада және қала ішінде өтетін қоғамдық шаралардан да қалып көрген емес. Адал еңбегі үшін бірнеше мәрте басшылық тарапынан алғыс алып, Құрмет грамотасына және бағалы сыйлықтарға ие болған.

Қыстың қақаған аязына, жаздың ми қайнатқан ыстығына қарамастан аулалар мен пәтерлерді аралап, бала жанының арашашысына айналған Кенжеш сияқты ақ халатты жандарға аналар қауымының алғысы шексіз.